

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 қаңтардағы N 100 және 2002 жылғы 17 шілдедегі N 794 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 қыркүйектегі N 893 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.28. N 544 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 ) *к ү ш і ж о й ы л д ы*

*Ескерту. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.19. N 610 ( 2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

2) "Қазақстан Республикасында көліктегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 шілдедегі N 794 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 22, 243-құжат):

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасында қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын темір жол жылжымалы құрамын жасау және жөндеу, арнайы контейнерлерді жасау және жөндеу жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары;"

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын темір жол жылжымалы құрамын, арнайы контейнерлерді жасау және жөндеу жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын темір жол жылжымалы құрамын жасау және жөндеу, арнайы контейнерлерді жасау және жөндеу жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары";

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Темір жол жылжымалы құрамын жасау және жөндеу жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қ а м т и д ы : " ;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) темір жол жылжымалы құрамының жасалуына және жөнделуіне жауапты адамдардың тапсырыс беруші бекіткен тізімі.";

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын арнайы контейнерлерді жасау және жөндеу жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:

1) нормативтік-техникалық талаптарға сәйкес өндірістік алаңдар, жабдықтар, құрал-саймандар, өлшеу құралдары, айнамайтын бақылау және ақауапқыш приборлар, вагондарды және/немесе контейнерлерді әрі олардың тораптарын қ а б ы л д а п а л у ж ү й е л е р і ;

2) қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын арнайы контейнерлердің жасалуына және жөнделуіне жауапты адамдардың тапсырыс беруші бекіткен тізімі."

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*